



Білім беру мекемелерінің  
басшыларына!

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының хатына сәйкес және Жамбыл облыстық Полиция департаментінің 2026 жылғы 7 сәуірдегі №5/1-5-42/515-И хатын орындау мақсатында, Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі келесіні хабарлайды.

Қазіргі уақытта ерекше назарды қажет ететін кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды әлеуметтік оңалту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Осыған байланысты, Сіздерден тиісті жұмыстарды ұйымдастыру және бақылауға алу үшін жолданған бағдарламаны басшылыққа алуды сұраймыз.

Қосымша: 10 бетте.

Т.Рысқұлов ауданының білім  
бөлімі басшысының м.а

Б.Самылтыров

2947

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ  
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

080012, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 35  
тел.: 43-88-05, факс: 43-89-20.  
E-mail: bilim-jambyl@yandex.kz

080012, город Тараз, пр. Төле би, 35  
тел.: 43-88-05, факс: 43-89-20.  
E-mail: bilim-jambyl@yandex.kz

№ 03-2530  
05.05.2026 ж.

Тараз қаласы мен аудандық  
білім бөлімдерінің басшыларына

Колледждердің басшыларына

Білім басқармасына қарасты  
мекемелердің басшыларына

Облыс әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл облыстық Полиция департаментінің 2026 жылғы 7 сәуірдегі №5/1-5-42/515-И хатына сәйкес, ерекше назарды қажет ететін кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды әлеуметтік оңалту бағдарламасын жұмыс жүргізу үшін жолдайды.

Қосымша: 10 бет.

Басшының орынбасары



Ж.Атенов

орын. М.Керімбеков  
тел. 43-88-23

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
"Т РЫСКУПОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
КІРІС № 121  
8.05.2026 ж.

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ

080000, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 80  
тел.: 8 (7262) 99 70 48

электрондық мекенжай: j.dvdtaraz@mvd.gov.kz

20 \_\_\_\_\_ ж.

№ \_\_\_\_\_



МИНИСТЕРСТВО  
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ  
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

080000, город Тараз, улица Желтоқсан, 80  
тел.: 8 (7262) 99 70 48

электронный адрес: j.dvdtaraz@mvd.gov.kz

Жамбыл облысы әкімінің  
орынбасары  
С.Ж. Салемовке

көшірме:

Жамбыл облысы әкімдігі  
білім басқармасының басшысы  
Н.А. Оршыбековке

Қазақстан Республикасында «Балалар Қазақстаны» 2026–2030 жылдарға арналған бірыңғай бағдарламасының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 64-тармағын орындау мақсатында Сіздің атыңызға ерекше назарды қажет ететін балаларды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалтудың бірыңғай бағдарламасын әзірлеу бойынша ұсыныстар жолданады.

Аталған бағдарламаны әзірлеу профилактикалық превентивтік шараларды қабылдауға, жасөспірімдер арасындағы қылмыстылық деңгейін төмендетуге, сондай-ақ есепті кезеңде тіркелген аяқталған қылмыстар бойынша өтетін кәмелетке толмағандармен білім беру ұйымдарының психологтары мен әлеуметтік қызметкерлерінің тиісті жұмысын ұйымдастыруға бағытталған.

Сонымен қатар, бағдарламаны іске асыру кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалатын қайталама құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын жоюды қамтамасыз етуге, сондай-ақ тиімді ведомствоаралық ықпалдастық шараларын әзірлеуге және енгізуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, жолданған ұсыныстарды белгіленген тәртіппен қарауыңызды сұраймыз.

Қосымша: 3 парақта.

ПД ҚҚБ бастығы  
полиция подполковнигі

М.Абдикаримов

Орын.: А. Пирматов,

## БАҒДАРЛАМА

ерекше назарды қажет ететін кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды әлеуметтік оңалту

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Бағдарлама ерекше назарды қажет ететін кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту және бейімдеу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

2. Бағдарлама кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қайталама қылмыстылықтың, девиантты мінез-құлықтың алдын алуға, сондай-ақ суицидтік мінез-құлықтың профилактикасына бағытталған.

3. Бағдарламаны іске асыруға жергілікті атқарушы органдар, ішкі істер органдары, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдары, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар қатысады.

### 2. Бағдарламаның мақсаты

1. Бағдарламаның негізгі мақсаты – кәмелетке толмағандарды әлеуметтік бейімдеу, оңалту және қоғамға интеграциялау бағытында тиімді ведомствоаралық сүйемелдеу жүйесін қалыптастыру.

### 3. Бағдарламаның міндеттері

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- 1) тәуекел тобындағы кәмелетке толмағандарды ерте анықтау;
- 2) кешенді психодиагностика жүргізу;
- 3) жеке оңалту бағдарламаларын (бұдан әрі – ЖОБ) әзірлеу;
- 4) психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету;
- 5) кәмелетке толмағандардың отбасыларымен жұмыс ұйымдастыру;
- 6) жасөспірімдерді білім беру және еңбек қызметіне тарту;
- 7) суицидтік мінез-құлықтың алдын алу.

### 4. Бағдарламаның негізгі бағыттары

- 5.1. Диагностикалық бағыт
- 5.2. Жеке жұмыс
- 5.3. Отбасымен жұмыс
- 5.4. Психологиялық көмек
- 5.5. Білім беру және жұмыспен қамту
- 5.6. Бос уақыт және әлеуметтену

## 5.7. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

### 5. Бағдарламаның мақсатты тобына:

- 1) профилактикалық есепте тұрған кәмелетке толмағандар;
- 2) қиын өмірлік жағдайда жүрген балалар;
- 3) девиантты мінез-құлық белгілері бар жасөспірімдер;
- 4) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кәмелетке толмағандар;
- 5) суицидке әрекет жасаған кәмелетке толмағандар жатады.

### 6. Диагностикалық бағыт шеңберінде жүзеге асырылады:

- 1) кәмелетке толмағандарға психологиялық тестілеу жүргізу;
- 2) мазасыздық, агрессия және суицидтік қауіп деңгейін бағалау;
- 3) отбасылық ортаны талдау;
- 4) жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық портретін қалыптастыру.

### 7. Жеке жұмыс мыналарды қамтиды:

- 1) әрбір кәмелетке толмағанға ЖОБ әзірлеу;
- 2) жауапты маманды (психологты, әлеуметтік педагогты) бекіту;
- 3) тұрақты жеке консультациялар өткізу;
- 4) кемінде 6 ай бойы сүйемелдеу.

### 8. Отбасымен жұмыс шеңберінде:

- 1) тұрмыстық-тіршілік жағдайларын тексеру;
- 2) заңды өкілдерге консультация беру;
- 3) позитивті тәрбие дағдыларына үйрету;
- 4) қажет болған жағдайда заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау.

### 9. Психологиялық көмек:

- 1) түзету сабақтарын өткізу;
- 2) эмоция мен стрессті басқару бойынша тренингтер;
- 3) дағдарыстық психологиялық көмек көрсету;
- 4) суицидтің алдын алу.

### 10. Әлеуметтік бейімдеу мақсатында:

- 1) кәмелетке толмағандарды білім беру ұйымдарына қайтару;
- 2) сабаққа қатысуы мен үлгерімін бақылау;
- 3) кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу;
- 4) уақытша және тұрақты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.

### 11. Әлеуметтендіру мақсатында:

- 1) спорт секциялары мен үйірмелерге қатыстыру;
- 2) тәлімгерлік бағдарламаларын енгізу;
- 3) қоғамдық және мәдени іс-шараларға қатыстыру;

4) еріктілік қызметін дамыту.

## 12. Бағдарламаны іске асыру:

- 1) ішкі істер органдарының;
  - 2) білім беру органдарының;
  - 3) денсаулық сақтау ұйымдарының;
  - 4) әлеуметтік қорғау органдарының;
  - 5) кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінің.
- Кимылы арқылы жүзеге асырылады.

### Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

## 13. Бағдарламаны іске асыру үш кезеңнен тұрады:

- 1) бастапқы кезең (10 күнге дейін):
  - кәсіптік-техникалық білім беруге;
  - бастапқы диагностика жүргізу;
  - сүйемелдеуге алу;
- 2) белсенді оңалту кезеңі (3–6 ай):
  - ЖОБ-ны асыру;
  - кәсіптік-техникалық білім беруге;
  - мүдделі органдарды тарту;
- 3) сүйемелдеу кезеңі (12 айға дейін):
  - мінез-құлқын мониторингтеу;
  - қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алу;
  - ЖОБ-ны түзету.

### Күтілетін нәтижелер

## 14. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

- 1) қайталама құқық бұзушылықтар деңгейінің төмендеуі;
- 2) суицидтік әрекеттер санының азаюы;
- 3) кәсіптік-техникалық білім беруге қатысушылардың психологиялық жағдайының жақсаруы;
- 4) білім беру мен жұмыспен қамтылуға тартылу деңгейінің артуы;
- 5) отбасылық жағдайдың тұрақтануы күтіледі.

### Тиімділік көрсеткіштері

## 15. Бағдарламаның тиімділігі келесі көрсеткіштер бойынша бағаланады:

- 1) қайталама қылмыстылықтың кемінде 20%-ға төмендеуі;
- 2) тәуекел тобындағы кәсіптік-техникалық білім беруге қатысушылардың кемінде 90%-ын қамту;
- 3) білім беру ұйымдарында сабаққа қатыспау жағдайларының азаюы;
- 4) сүйемелдеудегі балалар арасында суицидтік қайталама әрекеттердің болмауы;
- 5) жасөспірімдердің кемінде 70%-ын бос уақыт және еңбек қызметіне тарту.

### Бақылау және есептілік

## 16. Бағдарламаның орындалуын бақылау:

- 1) жауапты орындаушылардың ай сайынғы есептері;
- 2) тоқсан сайын тиімділікті талдау;
- 3) ведомстваралық кеңестерде қарау;
- 4) қажет болған жағдайда ЖОБ-ны түзету арқылы жүзеге асырылады.

Жауапты орындаушылар

**17. Бағдарламаны іске асыруға жауаптылар:**

- 1) ішкі істер органдары;
- 2) білім басқармасы;
- 3) денсаулық сақтау басқармасы;
- 4) әлеуметтік қорғау органдары;
- 5) кемелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар.